

**Қарағанды облыстық мәслихатының 2018 жылғы 5 қазандағы № 338 "Қарағанды облысының Қарағанды және Саран қалаларындағы бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қарағанды облыстық мәслихатының 2025 жылғы 27 ақпандағы № 258 шешімі.  
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 6 наурызда № 6726-09 болып тіркелді

Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды облыстық мәслихатының "Қарағанды облысының Қарағанды және Саран қалаларындағы бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы № 338 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4989 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ алып тасталсын;

көрсетілген шешімнің 3, 4 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


*Облыстық мәслихат төрағасы*

*Н. Кобжанов*

Қарағанды облыстық  
мәслихатының  
2025 жылғы 27 ақпандағы  
№ 258

шешіміне 1-қосымша  
Қарағанды облыстық мәслихатының  
2018 жылғы 5 қазандағы  
XVIII сессиясының № 338 шешіміне  
3-қосымша

**Қарағанды облысының Саран қаласында бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері**



Жеке меншік берілген кезде  
жер учаскелері үшін төлемақының  
базалық ставкасының түзету коэффициенттері

**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР**

- 046 есептік кварталдың нөмері
- бағалау аймақтарының шекарасы

бағалау аймақтарының нөмері	түзету коэффициентті
I	2,00
II	1,70
III	1,40
IV	1,30
V	1,00

Қарағанды облыстық  
мәслихатының  
2025 жылғы 27 ақпандағы  
№ 258  
шешіміне 2-қосымша  
Қарағанды облыстық мәслихатының  
2018 жылғы 5 қазандағы  
XVIII сессиясының № 338 шешіміне  
4- қосымша

**Саран қаласы**

Бағалау аймақтарының №	Бағалау аймақтарының сипаттауы	Түзету коэффициенттері
	003, 004, 005, 007 есептік кварталдар - қаланың орталық бөлігі;	

I	ішінара 001 - Макаренко көшесінің солтүстіктегі аумақ - бас жоспар бойынша жеке тұрғын үй секторын перспективалық құрылысы; ішінара 046 – Чкалов көшесі мен теміржол арасында орналасқан нысандар; Рабочая көшесі мен теміржол арасында.	2,00
II	027, 028, 029 Ақтас кенті.	1,70
III	001 - индустриялық аймақ, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, 010, 011, 046 Саран, Күзембаев атындағы шахталардын, Солтүстік , Оңтүстік өнеркәсіптік аймақтары .	1,40
IV	002, 006, 008, 012, 013 Финский тұрғын алабы, 016, 017, 055; ішінара 001 - бас жоспар бойынша жеке тұрғын үй секторын перспективалық құрылысы, 006 есеп кварталының шығысында.	1,30
V	ішінара 001 - резервтік және өзге де қала құрылысы қызметіне тартылмаған; 009, 013 Угольная тұрғын алабы, 014, 015, 022, 023, 024, 025, 026, 036-040, 043, 044, 045, 049, 053.	1,00